



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ  
РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ**

**«КАЗГИДРОМЕТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

## **2026 жылғы НАУРЫЗ бойынша Қазақстан аумағы климатының ЖЕДЕЛ МОНИТОРИНГІ**

*Қазақстан аумағындағы ауаның орташа айлық температураның және  
айлық атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аномалиялары*

Астана 2026

## ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2026 жылғы наурыз айында ауа температурасының орташа айлық көрсеткіші климаттық нормадан **2,66 °C-қа жоғары** болды.
- Атмосфералық жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан **3,86 мм-ге жоғары** болды.


*Шығарылымға жауапты:*

*С. Сагиев – FЗО КЗБ жетекші ғылыми қызметкері*  
*Е. Аманулла – FЗО КЗБ жетекші ғылыми қызметкері*

## ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯЛАРЫ

Орташа айлық ауа температурасының жылдық жүрісінде 2026 жылғы наурыз айы климаттық нормадан **2.66 °C**-қа жоғары ауытқумен ерекшеленді. Мұндай нормадан ауытқу мәндері қарастырылып отырған бақылау кезеңі бойы бірнеше рет тіркелген.

Температура аномалияларының уақыттық қатарын талдау айқын оң трендтің бар екенін көрсетеді. Ертеректегі кезеңде (1980-жылдарға дейін) теріс температуралық ауытқулар басым болса, соңғы онжылдықтарда оң аномалиялардың басымдылығы байқалады, бұл Қазақстан климатының елеулі жылынуын көрсетеді (1-сурет).




1-сурет. 1941-2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша орташаланған жылдық ауа температурасының наурыз айындағы (°C) ауытқуларының уақыттық қатарлары.

Аномалиялар 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген.

2026 жылғы наурыз айында Қазақстан аумағының басым бөлігінде ауа температурасының оң аномалиялары байқалды (2-сурет). Ең жоғары ауытқулар (6,1–6,4 °C) елдің батыс бөлігінде, Батыс Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстары түйісетін аймақта тіркелді.

Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе және Ақмола облыстарында орналасқан он жеті метеорологиялық станцияда температура аномалиясының өте жоғары мәндері (95–100 % қамтамасыз етілу ықтималдығымен) анықталды.

Елдің шығыс, оңтүстік-шығыс және оңтүстік өңірлерінде температура аномалиялары климаттық нормаға сәйкес болды. Теріс аномалиялар ( $-0,3...-0,5$  °C) Шығыс Қазақстан облысында (Ақжар, Зайсан метеостанциялары) және Алматы облысында (Айдарлы метеостанциясы) тіркелді.




2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы наурыз айындағы орташа айлық ауа температурасы (°C) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

## АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ

2026 жылғы наурыз айында атмосфералық жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан асты (3-сурет). Айлық орташа мәні 3,86 мм құрады.

Жауын-шашын аномалияларының уақыттық қатарын талдау айқын байқалатын трендтің жоқ екенін көрсетеді, алайда құрғақ және ылғалды кезеңдердің алмасуымен сипатталатын декадааралық өзгергіштікті байқатады. Соңғы онжылдықтарда ылғалдылығы жоғары жылдардың қайталану жиілігінің біршама артқаны байқалады.



3-сурет. 1941-2026 жылдар кезеңінде Қазақстан аумағындағы наурыз айы бойынша кеңістіктік орташаланған жылдық (%) аномалиялардың уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991-2020 жылдардағы базалық кезеңге қатысты есептелген.

2026 жылғы наурызда Қазақстан аумағының басым бөлігінде атмосфералық жауын-шашын мөлшері климаттық норманың 80 %-дан төмен болды (4-сурет).


Жауын-шашын тапшылығы елдің батыс өңірлерін, соның ішінде Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарын, Атырау облысының солтүстік-шығыс аудандарын, сондай-ақ Маңғыстау облысының орталық бөлігін қамтыды.

Солтүстік өңірлерде жауын-шашынның азаюы Қостанай облысының басым бөлігінде байқалып, Солтүстік Қазақстан облысы аумағының шамамен жартысын қамтыды. Елдің шығыс бөлігінде де төмен мәндер Шығыс Қазақстан облысының (оңтүстік аудандарды қоспағанда), Абай облысының (солтүстік және оңтүстік бөліктерін есепке алмағанда) және Жетісу облысының (батыс аудандарынан басқа) едәуір аумағында тіркелді.

Елдің орталық бөлігінде, негізінен Қарағанды облысында, сондай-ақ оңтүстік өңірлерде — Түркістан және Жамбыл облыстарының орталық және солтүстік бөліктерінде — жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан төмен күйінде қалды.

«Өте құрғақ» (қамтамасыз етілу ықтималдығы 0–5 %) санатына жататын мәндер Ұлытау және Қызылорда облыстарының орталық бөліктерінде, сондай-ақ Түркістан, Жамбыл, Алматы, Қарағанды облыстары мен Жетісу облысының жекелеген метеостанцияларында тіркелді.

Климаттық нормадан 120 %-дан асатын жоғары жауын-шашын мөлшері елдің әртүрлі өңірлерінде байқалды. Түркістан және Жамбыл облыстарының оңтүстігінде бұл көрсеткіш 140 %-ға дейін жетті. Маңғыстау облысында (негізінен батыстан шығысқа созылған бөлігінде), сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысының оңтүстігінде ең жоғары мәндер 160 %-ға дейін болды. Ақмола облысының оңтүстік бөлігінде жауын-шашын 173 %-ға дейін жетті. Ең жоғары көрсеткіштер Атырау облысында Каспий теңізі жағалауы бойында байқалып, 183 %-ға жетті. Павлодар облысының іс жүзінде бүкіл аумағы артық ылғалданумен сипатталды (норманың 127–202 %), ең жоғары мәндер Ақтоғай метеостанциясы маңында тіркелді.



4-сурет. 2026 жылғы наурыздағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)